ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	Міндеттер. Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту. Өнер бұрышында балабақшаны, ойыншықтарды мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) Міндеттер. Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту. Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. (құрастыру) Міндеттер. Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру.				
Балалардың үйге қайтуы	«Отбасының денсаулық бағдарламасы».	Баяндама «Бала неге өтірік айтады?»	Кеңес «Тұмаудың алдын алу жолдары»		

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Мектепке дейінгі ұйым «Темирлан» жекеменшік шағын орталық
Топ: ересек топ «Жұлдыздар»
Балалардың жасы: 4 жастағы балалар
Қандай кезеңге жасалды: 05.01 - 09.01.2026ж.
Педагогтің аты-жөні Ешпанова А

Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
«Адамның адамшылығы – ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады». Абай Құнанбаев					
Балаларды қабылдау	Таңертең балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Демалысты қалай өткізгендері туралы әңгімелесу, тілін дамыту Күй күмбірі «Адай» күйімен қарсы алу.	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Сәлемдесу. Аспан ашық, көгілдір Күн шуағын төгіп тұр! Қол ұстасқан біздерді, Тереземнен көріп тұр. Күй күмбірі «Балбырауын»		Шаттық шеңбері Кел, достарым, келіңдер! Қолдарыңды беріңдер. Шаттық толы шеңберге, Қуанышпен еніңдер. Шақырамын сендерді, Жолдастарым, кел бері Толтырайық шаттыққа Дөңгеленген шеңберді. «Балбырауын» күйімен қарсы алу.	Балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. «Күй күмбірі» Күйді қосып, балаларды қарсы алу.
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен	"Балаңызды үй шаруасына араластырасыз ба?" атты сауалнама.	Медбикеден кеңес. «Тазалық – денсаулық кепілі».		«Айына бір рет отбасы күнін өткізу».	Балалардың денсаулықтары жайында әңгімелесу.

әңгімелесу, кеңес беру					
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	«Өнегелі тәрбие» Еңбек тапсырмалары: "Ұйымдастырылған іс-әрекетке керек материалдар мен құрал-жабдықтарды дайындаймыз". Мақсат-міндеттері. Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке керек материалдар мен құрал-жабдықтарды таратуға, тиянақты жинауға дағдыландыру; «Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасының Гимн орындауы. Мақсат-міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. (музыка)	«Өнегелі тәрбие» Еңбек тапсырмалары: "Ойыншықтарды тәртіпте ұстау". Мақсат-міндеттері. Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: "Пазл" ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларға әртүрлі сюжетті суреті бар пазлды құрастыру үйрету, "Стоп-кадр" пантомима жаттығуы. (дене тәрбиесі, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттер: балаларға жан-жануар, құстың қимылын көрсетуді және ""стоп-		«Өнегелі тәрбие» Еңбек тапсырмалары: "Бөлме өсімдіктеріндегі топырақты қопсыту". Мақсат-міндеттер: балаларды жабық өсімдіктерге күтім жасауға үйрету; Көркемсөзді мәнерлеп оқу жаттығуы. Мақсат-міндеттер. Балалардың түрлі әрекеттерінде өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге қызығушылыққа баулу. Р. Тышқанбаев «Қыс». Шыңнан сырғып түсті де, Келді етекке қыс, міне. Ақ қарлар ақ көбелек, Қонды үйлердің үстіне. Боран соғып бірде өкпек, Үйге айдады «кір» деп тек. Мұз көрпеге оранды, Сулар тоңып дірдектеп.	Ұлттық сезім күні Еңбек тапсырмалары: "Бөлме өсімдіктерін суару". Өсімдіктер, оларға күтім жасау (суару) туралы туралы түсініктерді дамыту; "Қажетті киімді алыңыз" дидактикалық ойын. Мақсат-міндеттері. Балаларды қысқы және жазғы киімдерді ажыратуға үйрету. Зейін, есте сақтау және логикалық ойлауды тәрбиелеу. "Бүгін, кеше, ертең бе?" ойын-жаттығуы. Мақсат-міндеттер. Балалардың уақытты бағдарлай білу қабілеттерін дамыту, "бүгін", "кеше", "ертең" туралы ұғымдарын кеңейту. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру, сұрақтарға толық жауап беруге ынталандыру.

	«Мозаика». (математика негіздері, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттер: балаларға әртүрлі заттар, геометриялық пішіндер құрастыруды үйрету, түстерімен таныстыру,	кадр"" белгісі бойынша қимылдап жатқан сол кейпінде қозғалмай, "қатып қалу" қалпын сақтауды жаттықтыру.		Танграм әдісі бойынша "Қызықты бейнелер" ойыны Танграм әдісін пайдалана отырып, күшікке үйшік жасауды ұсынады. Ойынның мақсаты: бұл ойын балалардың түстер мен формаларды қабылдауын дамыту.	
Ертеңгілік жаттығу	Картотека №9				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттері. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Балаға қолдарының сыртқы және ішкі жағынан сабындауды үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	«Менің Қазақстаным» - Қазақстан Республикасының әнұранын орындау. «Аналар мектебі»: қабылдау бөлмесін "Қыс мезгілінің құбылыстары" тақырыбына әшекейлеу. Балалар кітапханасы: қыс жайында суреттерді, энциклопедияларды қарастыру; өлеңдер мен әңгімелерді оқу: "Ақшақар", Ғ. Құлахмет "Аппақ қар"				
	«Табиғат досы». Қоршаған өмір әлемі, Не деген көркем, әдемі! Сол сұлулықты сақтайық, Мадақтайық, мақтайық!	Шаттық шеңбері Жақсылықтан үйреніп, Боламыз біз жақсы адам. Жамандықтан жиреніп, Үлгі аламыз жақсыдан!		«Қылқалам ханшасы». Мақсат-міндеттер. Сөз өнеріне баулу. есте сақтауға үйрету. Жер - Ана, саған мың алғыс,	Қардың пайдасы туралы әңгімелесу. Мақсат-міндеттері. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке

	Шеңберге тұрып, бәрі бірге айтады. Әңгімелесу: «Менің құқықтарым мен міндеттерім» Мақсат-міндеттер. Қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелері туралы түсініктерді кеңейту.	Қыс ерекшеліктерін айтып әңгімелесу. Мақсат-міндеттері. Балаларды суретті өз бетінше қарап, сипаттауға үйретуді жалғастыру.		Сыйлайсың бізге қуаныш. Жазда, күзде, қыста да, Көркемсің көктем тұста да! Шеңберге тұрады, бір-біріне жылы сөздер айтады.	қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.
Кестеге сәйкес ҰІӘ	Тіл дамыту және көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар. "Қар туралы әңгіме. Тілдің дыбыстық мәдениеті: [-р] дыбысы." Мақсат-міндеттер: балаларды үнді дауыссыз [Р] дыбысымен таныстыру; кейбір қоршаған объектілердің шығару дыбыстарының дауыссыз [Р] дыбысының айтылуы біркелкі болатыны туралы, дыбыстың сөздердің	Дене тәрбиесі «Кегельдер арасымен жүгіріп өту» ойын жаттығулары. Мақсаты: балаларды келергілер арасымен жүру, дүгіруге жаттықтыру. Жалпы дамытушы жаттығулар жасау. Негізгі қимылдар Кегельдер арасымен жүгіріп өту. Қимылды ойын «Кім шапшаң?» Ойын шарты: бір бірін		Музыка "Аппақ қар" Мақсат-міндеттер. Балаларға әнді ықыласпен тыңдауға және әннің сөздік мазмұнын эмоционалды қабылдай білуге үйрету. Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу қабілетін дамыту; музыка әуенімен бірге би қимылдарын еркін орындауға жаттықтыру.	Математика негіздерінен ойын-жаттығулар. "Суретті санмен сәйкестендіру". Мақсат-міндеттер: балаларды 1-5 сан арлығында сандарды тану, санау ұғымдарын дамыту. Дене тәрбиесі «Гимнастикалық орындық үстімен тепе теңдік сақтап жүру. Мақсаты: балаларды скамейка үстімен тепе теңдік

	құрамында әрқалай тұратыны туралы түсіндіру. Сурет салудан ойын жаттығу. «Әдемі шырша» Мақсаты: жаңа эылдық шыршаны еске алып, безендіруге үйрету. Әсемдікке баулу.	арқаласып күш сынасу. Қазақ тілі "Қар жауады. Қатты - жұмсақ. Суық - ыстық." Мақсат-міндеттер. Балалардың ұғымындағы қардың қасиеттері туралы түсініктерін кеңейту; заттардың қасиетін білдіретін «суық- ыстық», «жұмсақ - қатты» ұғымдарын бекіту. Қар, оның ерекшеліктері жайлы тақпақтарды түсініп, дұрыс айтуды үйрету; Музыка "Аққаламен достасайық" Тақырыбы: балалардың әндегі төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру;		Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын жаттығулар. «Жартысын тап»ойыны. «Сыңарын тап» ойындары. Мақсаты: балалардың қысқы мезгіл туралы түсінікткрін арттыру. Зейінін, ойлау қабілеттерін арттыру.	сақтап жүруге жаттықтыру. жалпы дамытушы жаттығулар жасау. Скамейкамен жүру. Қимылды ойын: «Допты себетке лақтыр.
Серуенге	«Экологиялық тәрбие». Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар жауды, жел соқты), соған сәйкес				

дайындық	киіну туралы анықтау. «Өнегелі тәрбие». Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын жетілдіру, жүйеге салу: өз бетінше киіну мен шешіну, киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату; барлық түймелерін түймелеу, ілмекті салу, бір-біріне көмектесу; өз киімдерін тану, атау, күту. «Қауіпсіздік». Қауіпсіздік жайында ескертулер: Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын бекіту (электр құралдарынан сақ болу, сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау); қоршаған ортада, табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін білу (қоқыс тастамау, өздігінен от жақпау).				
Серуен	Ауа райы құбылысын бақылау. Қысқы ауа райы құбылысы туралы түсінік беру. «Өнегелі тәрбие», «Қауіпсіздік». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ауланы жинау. – еңбекке баулу. "Ұшақтар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Ойындарда физикалық қасиеттерді жылдамдық, шыдамдылық, икемділік,	Аула сыпырушы апайлардың еңбегін бақылау. Мақал-мәтелдер. Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей. Ердің атын еңбек шығарады. Үлкен адамдардың еңбектері туралы білімдерін кеңейту. Адамдардың еңбектерін сыйлап, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. «Өнегелі тәрбие», Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: аула сыпыруға көмектесу. «Аңшы мен кояндар»		Қырауды бақылау. Жұмбақ. Қырау түскен ағаштарға назар аудару.Табиғаттың қысқы құбылыстарын байқауға және құбылыстарды атауға әрі қарай үйрету. «Өнегелі тәрбие», «Қауіпсіздік». Еңбек тапсырмалары: жолдарды сыпыру. Берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: «Қауіпсіздік». «Екі аяз» қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттер. Кеңістікті бағдарлауға, тез	Желді бақылау. Мақсат-міндеттері. Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел) кеңейту. «Өнегелі тәрбие», «Қауіпсіздік». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: орындықтар үстін қардан тазалау. Еңбек жасауда қауіпсіздікті сақтауды қадағалау. "Күн мен түн" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттер. Балалардың алаңда еркін жүгіру дағдыларын дамыту,

	ептілік дамыту.. «Бірінші бол» қимылды ойыны. Мақсат-міндеттер. Әр түрлі бағытта бір-бірімен жарыса отырып жүгіруге үйрету (біреуі оңға қарай, басқасы солға қарай). Тез жүгіруге баулу. Жеке жұмыс: Темірлан мен Сұлтанмен бір орында секіруді жаттықтыру. Мақсаты: қимыл әрекетін арттыру. Өз бетімен ойындар: балаларға өз рөлдерін және жолдастарының рөлдерін біліп, 2-3 рөлде кезекпен ойнап; бағыну, басқару, теңдік қарым-қатынас ретінде рөлдік ойын ережесін білу.	қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттер. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қимылды ойын: «Кім күшті?» (қазақ халқының ұлттық ойыны) Күш сынасу арқылы ептілікке баулу. Жеке жұмыс: Юсуп пен Аяламен допты лақтырып қағып алуды үйрету. Өз бетімен ойындар: біріккен ойындарда өз тәртібіне жауап бере алуға тәрбиелеу, ойын әрекетін ұйымдастыруға талпындыру.		жүгіруге жаттықтыру. Жүгіруде қауіпсіздікті қадағалау. «Қасқыр мен қояндар» қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттер. ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. «Кім белгіден асырады?» қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Заттарды (құм салынған қапшықтарды немесе допты) қашықтыққа лақтыру (3,5–6,5 метрден кем емес); шапшаңдыққа, дәлдікке, жігерлікке баулу. Жеке жұмыс: Аяла мен Сұлтанмен оңға, солға бұрылу жаттығуларын жасау. Өз бетімен ойындар. Қарым-қатынас және ойын	«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». «Түйілген орамал» ұлттық қимыл-қозғалыс ойын. Мақсат-міндеттер. Ойындарда физикалық қасиеттерді жылдамдық, икемділік, ептілік дамыту.. Жеке жұмыс: Әміре мен Сұлтанмен қос аяқпен секіру жаттығуын қайталау, қимылын дамыту. Өз бетімен ойындар. Ойын ойнау барысында белсенділіктерін арттыру.

				барысында балаларға достық, ұжымдық қарым-қатынастыменгерту.	
Серуеннен оралу	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттері. «Өнегелі тәрбие». Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру: Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешу, шкаф сөрелеріне киімдерін ілу, жинау, кептіретін жерге қолғаптарын, аяқ-киімдерін орналастыру; ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату; қолдарын жуу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Ас ішкенде сөйлемеу.				
Күндізгі ұйқы	«Түлкі мен бөдене» ертегісн оқып беріп, балаларды ұйықтату. Баяу музыка қосып қою.				
Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары	Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Мақсат-міндеттері. Балаларды ақырын (сипап, көркемсөз, музыканы қосу арқылы) ояту. Төсектегі жаттығулар. Ұйқыдан тұрғанда , бірден төсектен тұруға болмайды. Біртіндеп төсектен тұрғызу.				
Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-	Сюжетті-рөлдік ойын "Емхана". Мақсат-міндеттер: дәрігер жұмысы жайлы түсінік беру.	Дамытушы мультфильмдер. Мақсат-міндеттері. Уақытты бағдарлауға баулу. Тәулік бөліктері,		«Үнемді пайдалану». Дамытушы мультфильмдер. Мақсат-міндеттері. Үнемді пайдалану мәдениетін қалыптастыру.	Сюжетті-рөлдік ойын "Шаштараз". Мақсат-міндеттер: шаштараз қызметкерлері жайлы ұғымдарын кеңейту,

баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	«Лото» үстел үсті ойыны. Киімдер Мақсат-міндеттері. Балалардың киім, аяқ-киім, бас киім туралы ұғымдарын байыту. Балаларда мінез-құлық мәдениеті мен сыпайы қарым-қатынас негіздерін қалыптастыруды жалғастыру;	олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері туралы түсініктерді тиянақтау. мәтіннің мәніне сай қимылдауға, оң мен сол жақты дұрыс ажыратуға дағдыландыру;		Вариатив. Құрастыру "Қонаққа торғай келді". Мақсат-міндеттер: балаларды табиғи материалдар: грек жаңғағы, ағаш бұтақтары және жер жаңғақтарынан құсты құрастыруға үйрету; ермексаздың көмегімен жеке бөлшектерді бір-біріне жалғау дағдыларын қалыптастыру;	қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау ережелерін бекіту; Театрды сахналау. "Екі аяз" ертегі желісін маскалармен саханлау. Мақсат-міндеттер. Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға ынталандыру.
Балалармен жеке жұмыс	Мансур мен Әмірмен Жыл мезгілі туралы әңгіме. Мақсат-міндеттер. Балалардың түрлі әрекеттерінде өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге қызығушылыққа баулу.	Темірлан мен Қолғанатпен дайын суретті бояу тапсырмасы. (сурет салу) Мақсат-міндеттері. Балаларға қағаз бетіне басып шығарылған қыс мезгілінің (антистресс) бірнеше суреттері беріледі, балалар өздері таңдап, бояп шығады.		Гүлім мен Асылыммен "Кейіпкердің сөздерін жалғастыр" дамытушы ойыны. Мақсат-міндеттері. шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге, ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу.	Әміре мен Мансурмен «Суреттер құрастыру». Мақсат-міндеттері. Балаларға шағын суреттерден мазмұнды үлкен суретті құрастыруды үйрету,

Серуенге дайындық	«Өнегелі тәрбие». Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру: ауа райына сәйкес киіну; өз бетінше киіну мен шешінуді, киімдерді жинауды, ілуді, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғатуды жетілдіру; барлық түймелерін түймелеуді, ілмекті салуды, бір-біріне көмектесуді үйрету; өз киімдерін тануды, атауды, күтуді бекіту. «Қауіпсіздік». Қауіпсіздік жайында ескертулер: Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын меңгеру (электр құралдарынан сақ болу, сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде таянуштан ұстау); қоршаған ортада, табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін білу (қоқыс тастамау, өздігінен от жақпау).				
Серуен	Ауа райының кешкі көрінісін бақылап ойларын бекіту. «Бірінші бол» қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Белгі бойынша іс-әрекет жасай білуін бекіту «Ордан секіріп өт» ойын-жаттығуы. Мақсат-міндеттері. 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру техникасын жетілдіру; Өз бетімен ойындар. Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, ренжіген	«Өнелегі тәрбие». «Қауіпсіздік». Аула тазалаушының еңбегін бақылауды жалғастыру, бекіту. Мақсат-міндеттері. Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу. "Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. «Кім белгіден асырады?» қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Заттарды қашықтыққа		Кешкі мезгілдегі қырауды бақылауды жалғастыру, бекіту. «Қауіпсіздік». «Екі аяз» қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттер. Ойындарда жылдамдық, икемділік,ептілік дамыту.. «Ордан секіріп өт» ойын-жаттығуы. Мақсат-міндеттері. 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру техникасын жетілдіру; Өз бетімен ойындар. Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, ренжіген балаға жанашырлық танытуға,	«Қауіпсіздік», «Экологиялық тәрбие». Желді бақылауды жалғастырып бекіту. Мақсат-міндеттері. Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, қар, боран) кеңейту. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Кім мықты?». Мақсат-міндеттері. күш, шыдамдылық, икемділік,ептілік дамыту. Өз бетімен ойындар. Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, ренжіген балаға жанашырлық танытуға, бірге, келісіп ойнауға, құрдастарының өтініші бойынша

	балаға жанашырлық танытуға ойыншықтарымен бөлісуге баулу. «Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: ойын алаңын жинау. Балаларды тапсырмаға жауапкершілікпен қарауға баулу.	лақтыру шапшаңдыққа, дәлдікке, жігерлікке баулу. Өз бетімен ойындар. Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, ренжіген балаға жанашырлық танытуға баулу. «Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: аула сыпыру Балаларды ұқыптылыққа баулу.		бірге, келісіп ойнауға, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге баулу. «Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: алаңды жинау. Балаларды берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауға, баулу.	ойыншықтарымен бөлісуге баулу. «Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: ойыншықтарды жинау. Балаларды ойыншықтарға ұқыпты қарауға, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу.
Серуеннен оралу	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттері. «Өнегелі тәрбие». Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру: Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу.				
Кешкі ас	Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу.				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-	Кітап бұрышында: суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Міндеттер. Отбасындағы қызықты оқиғалар, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу. Балаларды қазақ халқының қонақжайлылық дәстүрімен таныстыруды жалғастыру. Көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. Музыкалық аспаптармен ойындар. Жатталған әндерді қайталап орындау. Міндеттер. Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру. Балаларды мәнерлеп ән айтуға				

баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	үйретуді жалғастыру, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуға баулу. Өнер бұрышында мүсіндеу, жапсыру, боямақтармен жаттығулар. Міндеттер. Игерілген техникалық тәсілдерді, сюжеттік композициялармен жұмыс жасауды бекіту. Шығармашылыққа құштарлықты қолдау. Ірі және ұсақ құрылыс материалдармен ойындар. Қағазды бүктеу жаттығулары. Міндеттер. Құрылыс жасау техникаларын бекіту. Кеңістікті бағдарлай білуді жетілдіру. Түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдау. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту.				
Балалардың үйге қайтуы	"Балаңызды үй шаруасына араластырасыз ба?" атты сауалнама.	Баяндама. «Баланың дамуы мен тәрбиесінде күн тәртібінің маңызы».		Медбикеден кеңес. «Тазалық – денсаулық кепілі».	Балалардың денсаулықтары жайында әңгімелесу.

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Мектепке дейінгі ұйым жекеменшік шағын орталық «Темирлан»
Топ: ересек топ Жұлдыздар
Балалардың жасы: 4 жастағы балалар
Қандай кезеңге жасалды: 12.01 - 16.01.2026ж.
Педагогтің аты-жөні Ешпанова А

Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
«Қатты тәртіп көрсе бала күнінде, Өнерімен қуантады түбінде». Жүсіп Баласағұн					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. «Күй күмбірі» «Адай» күйімен қарсы алу.	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Нейрожаттығу ойынымен балаларды қабылдау	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Күй күмбірі «Еркесылқым» күйі	Таңғы сүзгі: балаларды қабылдау Сәлемдесу «Қайырлы таң!» Қайырлы таң, құсқа да, аңға да! Қайырлы таң, жайдары жанға да! Қайырлы таң, алға ассын! Кешке дейін жалғассын!	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. «Күй күмбірі» Күйді қосып, балаларды қарсы алу
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен	«Ойын арқылы балалардың ойлау қабілеттерін дамыту» баяндама.	«Тұйық бала қайдан шығады?» баяндама.	Ата-аналарға балалардың тазалықтарына назар аудару, ескерту.	«Ата-аналарға тұмау жөнінде» денсаулық бұрышына кеңес (медбике)	Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуларына тілек білдіру.

әңгімелесу, кеңес беру					
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	«Өнегелі тәрбие» Еңбек тапсырмалары: "Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау". Мақсат-міндеттері. Бөлме өсімдіктеріне күтім жасауға үйрету: жерді қопсыту, суару, жапырақтардың шаңын сүрту. «Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасының Гимн орындауы. Мақсат-міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастыру.	«Өнегелі тәрбие» Еңбек тапсырмалары: "Ұйымдастырылған іс-әрекетке керек материалдар мен құрал-жабдықтарды дайындаймыз". Мақсат-міндеттері. Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке керек материалдар мен құрал-жабдықтарды таратуға, тиянақты жинауға дағдыландыру;	«Өнегелі тәрбие» Еңбек тапсырмалары: "Ұйымдастырылған іс-әрекетіне дайындық". Мақсат-міндеттер: сабақ үшін тәрбиеші дайындаған материалдар мен оқу құралдарын үстелдерге қою; сабақтан кейін орнына жинау. "Пазлды құра" ойын-жаттығуы. Мақсат-міндеттер: құрастырылған пазл бөлшектерінің кеңістікте, тұтас бейнені құрастыруға ынталандыру;	«Өнегелі тәрбие» Еңбек тапсырмалары: "Ойыншықтарды тәртіпте ұстау". Мақсат-міндеттері. Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: ойыншықтарды (қажет болғанд	Ұлттық сезім күні «Өнегелі тәрбие» Еңбек тапсырмалары: "Бөлме өсімдіктерін суару". Мақсаты:су құйғышпен суару тәсілдерін бекіту; еңбек дағдыларын дамыту; қамқорлыққа, тазалыққа тәрбиелеу.
Ертеңгілік жаттығу	Картотека №9				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттері. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.				

	Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	«Менің Қазақстаным» - Қазақстан Республикасының әнұранын орындау. «Аналар мектебі»: қабылдау бөлмесін "Аңдардың қысқы тіршілігі" тақырыбына әшекейлеу. Балалар кітапханасы: аңдардың қысқы тіршілігі жайында суреттерді, энциклопедияларды қарастыру; өлеңдер мен әңгімелерді оқу: "Қолғап", "Түлкі мен қасқыр" ертегілері; Н. Жанаев «Ақ қоян». "Күй күмбірі": "Бегім бер" - халық күйі				
	Аңдардың қысқы тіршілігі туралы әңгімелесу. Мақсат-міндеттері. Балаларды суретті өз бетінше қарап, сипаттауға үйретуді жалғастыру. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру.	Қысқы ұйқыға кететін аңдар туралы әңгімелесу. Мақсат-міндеттер. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.	Аңдар қыста немен қоректенетіні туралы әңгімелесу. Мақсат-міндеттер. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.	Аңдар туралы тақпақтар жаттау. Мақсат-міндеттер. Балалардың түрлі әрекеттерінде өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге қызығушылыққа баулу. Қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді есте сақтауға баулу.	Аңдарды сипаттап, аңдар туралы толық әңгімелеу. Мақсат-міндеттері. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, әңгімелер құрастыру.
Кестеге сәйкес ҰІӘ	Дене тәрбиесі. 15.30. Пән жетекшісі жоспарымен. Сурет салудан ойын-жаттығулар	Дене тәрбиесі.15.30. П.ж.ж. Қазақ тілі ""Үш аю" ертігісін оқу." Балаларды «Үш аю»	Дене тәрбиесі 15.30. П.ж.ж. Математика негіздерінен ойын-жаттығулар. Цифрды заттың санымен	Музыка "Қасқыр үнін тыңдайық". Мақсат-міндеттер: балаларды қасқыр туралы әнді	Мүсіндеуден ойын-жаттығулар "Қонжықтың достары". Мақсат-міндеттер: аңның сипаттық ерекшеліктерін көрсете отырып,

	"Қуыршақ Сәуленің көйлегін безендіреміз". Мақсат-міндеттер: балаларды көйлек пішінін безендіруге, эстетикалық талғамға баулу. Математикадан ойын жаттығулар Санмен суретті сәйкестендір. Мақсаты: 1-5 көлеміндегі сандарды санап, суретпен сәйкестундіруге жаттықтыру.	ертегісімен таныстыру; Балаларды ертегі тыңдауға, ертегі желісін еске сақтауға үйрету; есту, ойлау, еске сақтау қабілеттерін, сөйлеу тілін, қиялдарын дамыту. ертегілерге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Музыка "Аппақ қар " Мақсат-міндеттер. Балаларды қыс туралы әнді қызығушылықпен тыңдай білуге үйрету.	сәйкестендіру Шаршы, тіктөртбұрыш пішіндерді ажырату Мақсаты: затты санмен сәйукестендіруге үйрету. Геометриялық пішідер туралы білімдерін дамыту. Тіл дамыту және көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар. "Көзі қорқақ Қоян ертегісін мәнерлеп оқу". Мақсат-міндеттер: балаларды "Көзі қорқақ қоян" ертегісімен таныстыру; жабайы аңдардың бойындағы адам қасиеттерінің ерекшеліктерін көрсету;	қызығушылықпен тыңдай білуге үйретуді жалғастыру. Тіл дамыту және көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар. "Апандағы аю". Мақсат-міндеттер: балаларды "Апандағы аю" картинасының мазмұнымен таныстыру; мәтіні қысқа картинаны бар ықыластарымен мұқият тыңдауға үйрету. Құрастырудан ойын-жаттығулар "Аю мен қасқыр". Мақсат-міндеттер: балаларды геометриялық пішіндерді пайдаланып, қағаз бетіне қасқырды және аюды құрастыруға үйрету.	пропорциясын сақтап, құрылымдық тәсілмен бөлшектерді біріктіру арқылы қонжықты мүсіндеуді үйрету. Қоршаған ортамен таныстырудан ойын жаттығулар. «Жыл мезгілдерін сәйкестендіру» Мақсаты: балалрдың жыл мезгілдері туралы түсініктерін арттыру. Үлестірмелі құралмен жұмыс жасауға қызығушылықтарын арттыру.
Серуенге дайындық	«Экологиялық тәрбие». Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну туралы анықтау.				

	«Өнегелі тәрбие». Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын жетілдіру, жүйеге салу: өз бетінше киіну мен шешіну, киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату; барлық түймелерін түймелеу, ілмекті салу, бір-біріне көмектесу; өз киімдерін тану, атау, күту.				
Серуен	Ауа райын бақылау Мақсат-міндеттер. Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын кеңейту. Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау. борасын басады. «Өнегелі тәрбие», «Қауіпсіздік». Еңбек тапсырмалары: орындықтар үстін тазалау. Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау. «Қауіпсіздік». «Күн мен түн» қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттер. жылдамдық, икемділік,	Бұлтты бақылау. Мақсат-міндеттер. Өлі табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын кеңейту. «Өнегелі тәрбие», «Қауіпсіздік». Еңбек әрекеті: аула сыпыруға көмектесу. Шамасы келетін жұмысты орындауға тәрбиелеу. "Мысық пен тышқандар " қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттер. Ойындарда физикалық қасиеттерді жылдамдық, икемділік,ептілік дамыту «Доппен ойнау». қимылды ойыны. Мақсат-міндеттер. Балаларды қармен ойнауға үйрету, дәлдікке	«Қауіпсіздік», «Экологиялық тәрбие». Ағашты бақылау. Мақсат-міндеттері. Ағаштар туралы түсінігін арттыру. Қамқорлыққа тәрбиелеу. «Өнегелі тәрбие», «Қауіпсіздік». Еңбек тапсырмалары: ойын алаңын тазалау. Еңбек жасауда қауіпсіздікті сақтауды қадағалау, еңбекке баулу. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақ халқының қимылды ойыны. «Түйілген орамал» Мақсат-міндеттері. Қазақ халық қимылды ойындарға	Ауа райына қарай желдің соғуының өзгеруін байқау. Мақсат-міндеттері. Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін байқауға үйрету, сұрақтарға толық жауап беруге ынталандыру. «Өнегелі тәрбие», «Қауіпсіздік». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: жолдарды сыпыру. Мақсаты. Берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру. «Айлакер түлкі» қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттер. Ойындарда физикалық	Күнді бақылау. Мақсат-міндеттері: күннің қысқы мезгілдегі жылылығына назар аудару. Өлі табиғат туралы білімін арттыру. «Өнегелі тәрбие», «Қауіпсіздік». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: Ойын алаңын сыпыру. Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде қауіпсіздікті сақтай білуін қадағалау. «Күзетші мен қояндар» қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттер. Ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Кеңістікті бағдарлай білуге, шапшаңдыққа,

	ептілік дамыту. «Қояндар мен қасқыр» қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттер. Ойындарда физикалық қасиеттерді жылдамдық, күш, икемділік, ептілік дамыту. Жеке жұмыс: Мансур мен Адиямен бір орында секіруге жаттықтыру – қимыл әрекетін дамыту. Өз бетімен ойындар: Ойын әркеттерін қалыптастыруға жаттықтыру.	баулу. Нысанаға допты лақтыра білуге жаттықтыру Жеке жұмыс: Данелья мен Әміремен секіргішпен секіруге жаттықтыру. Өз бетімен ойындар. Тыныш қуанышты жағдайды қолдауға және ұйымдастыруға талаптандыру; достыққа тәрбиелеу.	қызығушылықты дамыту; жылдамдық, икемділік, ептілік дамыту; Қимылды ойын: «Ақшақарды ізде». Ептілікті, шапшандықты дамытатын, кеңістікті бағдарлауды қажет ететін, қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру. Жеке жұмыс: Мансур мен Әмірмен аңдарша жүру қимылдарына үйрету. Өз бетімен ойындар. Өз құрдастарымен тату ойнауға, ойыншықтармен бөлісе ойнауға тәрбиелеу.	қасиеттерді жылдамдық, икемділік, ептілік дамыту. Жүгіру түрлерін жетілдіру. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». «Бәйге» ұлттық қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттер. Ұлттық қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Қауіпсіздікті қадағалау Жеке жұмыс: Нурмухаммед пен Сандармен допты лақтырып қағып алуды жаттықтыру. Өз бетімен ойындар Достыққа баулу.	тапқырлыққа баулу, достыққа тәрбиелеу.. Қимылды ойын. «Бірінші бол». Әртүрлі бағытта бір-бірімен жарыса отырып жүгіруге үйрету (біреуі оң жаққа, басқасы сол жаққа қарай), ортаны тез айналып, бос орынға келіп тұра қалу. Тез жүгіруге баулу. Ойын талаптарын орындауға үйрету. Жеке жұмыс: Мансур мен Адинамен қыс туралы тақпақ айтуды сұрау арқылы тілін дамыту. Өз бетімен ойындар: балаларды достық қарым-қатынаста ойнауға баулу.
Серуеннен оралу	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттері. «Өнегелі тәрбие». Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру: Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешу, шкаф сөрелеріне киімдерін ілу, жинау, кептіретін жерге қолғаптарын, аяқ-киімдерін орналастыру; ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату;				

	қолдарын жуу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Тамақтану әдебін сақтауды, дағдыларды жетілдіру. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Ас ішкенде сөйлемеу.				
Күндізгі ұйқы	Баяу музыка қосып қою. Ұйықтауға жағдай жасау.(тіл дамыту және көркем әдебиет)				
Ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.				
Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	"Бүгін, кеше, ертең бе?" ойын-жаттығуы. Мақсат-міндеттер. Балалардың уақытты бағдарлай білу қабілеттерін дамыту, "бүгін", "кеше", "ертең" туралы ұғымдарын кеңейту. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру, сұрақтарға толық жауап беруге ынталандыру. Театраландырылған қойылым.	"Су, аспан, жер" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың тірі табиғат нысандары жайлы білімдерін бекіту; құстар, өсімдіктер, жануарлардың жіктелуі туралы ұғымдарын жетілдіру; ойлау қабілетін, қиялдарын, зейіндерін дамыту; Ойын барысында доп қолданылады. Балалар жарты шеңбер немесе шеңбер құрып	Вариатив. Математика негіздері "Тапсырмаларды орындаймыз". Мақсат-міндеттер: балаларды 5-ке дейін тура және кері санау; сан мен цифрларды сәйкестендіру дағдыларын жетілдіру; тәуліктің қарама-қарсы бөліктерін анықтау және тану дағдыларын дамыту.	Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығулар. "Ақ аю". Мақсат-міндеттер: балалардың қыс мезгілдерінде табиғатты бақылау дағдыларын дамыту; ақ аюдың сыртқы түрі мен қыстағы тіршілік қалпы туралы түсініктерін кеңейту. «Қаржылық сауаттылық». «Ақша	Сюжетті-рөлдік ойын. "Хайуанаттар бағы". Мақсат-міндеттер: балалардың хайуанаттар бағы, қамқорлыққа алынған аңдар, хайуанаттар бағында қызмет атқаратын ветеринар дәрігері, орнитолог (құстар бойынша маман), зоолог (жан-жануарлар бойынша маман), герпетолог (қосмекенділер бойынша маман), күтуші жайлы түсініктерін, бекіту;

	"Үйшік" ертегісі. Мақсат-міндеттер. Сахналық қойылымдарға қатысуға, ертегі мазмұнын балалар естеріне түсіру, есте сақтау, ойлау, эмоционалды, ым-ишаралық, қабілеттерін дамыту.	отырады. Бірінші кезеңде ойын шартын көрсету үшін, бастаушы рөлін тәрбиешінің өзі орындайды. Бастаушы допты кезекпен әр баланың қолына лақтырады да "су!", немесе " аспан!", немесе "жер!"- деп айтады. Допты алған бала, әр белгі сөзге тиісті сөз тауып атайды. Мысалы, "су"- балық атаулары, суда өмір сүретін тіршілік иелері, "аспан" - құстардың немесе ұшатын жәндіктердің атаулары," жер" - жан-жануарлардың, жәндіктердің атаулары.	Сюжетті-рөлдік ойын. " Емхана". Мақсаты: балалардың дәрігер, медбикелер, жайлы түсініктерін бекіту; емханада медициналық жұмысшылар қандай рөл атқаратының анықтау; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.	жинақтайтын сандықша» дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері: балалардың ақша туралы түсініктерін кеңейту. Материалдар: ақша жинайтын сандықша, монеталар. Барысы: балаларға монеталар мен жинақ сандықша ұсынылады. Тәрбиеші балаларға жұмбақтар жасырады, дұрыс жауап берген балаға монета беріледі, сандықшадағы монеталарды санайды.	хайуанаттар бағында мамандардың қандай рөл ойнайтынын анықтау; еңбексүйгіштікке, жан-жануарларға қамқорлық танытуға тәрбиелеу.
Балалармен жеке жұмыс	Мансурмен Әмірмен жабайы аңдар туралы жұмбақтарды шешу Мақсат-міндеттер. Шешендікке,жұмбақты шешуге баулу. Жазда қыдырады, Қыста тынығады. (Аю)	Адина мен Санжармен Дидактикалық ойын. «Қайсысы қайда орналасқан?» Мақсат-міндеттер: кеңістікте бағдарлау. Оң жақты және сол жақты ажырату.	Әлібек пен Адинамен "Көңілді қоянның суретін тап" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: тақтадағы көңілді қоянның суретіне қарай отырып, тез тауып беру	Санжар мен Мансурмен "Ненің құйрығы?" Мақсат-міндеттер. Жануарлар туралы білімдерін бекіту, есте сақтау, ойлау, зейін және қолдың ұсақ моторикасын дамыту.	Есен мен Нурмухаммедке "Бүгін, кеше, ертең бе?" ойын-жаттығуы. Мақсат-міндеттер. Балалардың уақытты бағдарлай білу қабілеттерін дамыту, "бүгін", "кеше", "ертең" туралы ұғымдарын

	Көзі тостақ, өзі қорқақ. (Қоян) Өзі бір қу, Жүрген жері айқай мен шу. (Түлкі)		іскерліктерін жетілдіру.	"Бұл ненің құйрығы?" сұрағына жауап бере отырып, жануарларға құйрықтарын табуға көмектесу. "Міне, қасқырдың құйрығы. Ол қандай? (сұр, ұзын және т.б..)	кеңейту. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру, сұрақтарға толық жауап беруге ынталандыру.
Серуенге дайындық	«Өнегелі тәрбие». Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын жетілдіру: ауа райына сәйкес киіну; өз бетінше киіну мен шешінуді, киімдерді жинауды, ілуді, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғатуды жетілдіру; барлық түймелерін түймелеуді, ілмекті салуды, бір-біріне көмектесуді үйрету; өз киімдерін тануды, атауды, күтуді бекіту.				
Серуен	«Қауіпсіздік». Түстен кейінгі ауа райын бақылау, салыстыру. Мақсат-міндеттері. Ауа райы құбылысын салыстыра сипаттауға үйрету. «Ордан секіріп өт» ойын-жаттығуы. Мақсат-міндеттері. 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру техникасын жетілдіру; Өз бетімен ойындар.	«Қауіпсіздік», «Өнегелі тәрбие». Бұлттарды бақылауды жалғастыру. Мақсат-міндеттері. Бұлт түрлері туралы білімдерін қалыптастыру. «Қауіпсіздік». «Екі аяз» қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттер. Ойында жылдамдық, икемділік,ептілік дамыту. «Кім белгіден асырады?» қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері.	Ағаштардағы өзгерістерді байқау. Мақсат-міндеттері. Ағаш үстіндегі қырауға назар аудару. "Мысық пен тышқандар" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттер. Ойындарда жылдамдық, икемділік,ептілік дамыту. «Ордан секіріп өт» ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі)	Кешкі уақыттағы желдің күшеюін байқау Мақсат-міндеттері. Салыстырмалы бақылап сипаттауға жаттықтыру. «Өнегелі тәрбие», «Қауіпсіздік». Еңбек әрекеті: ойын алаңын тазалау. Шамасы келетін жұмысты орындауға әрбиелеу. «Ордағы қасқы мен қояндар» қимыл-	«Қауіпсіздік».Түстен кейінгі күнді салыстырмалы бақылау. Мақсат-міндеттері. күн өлі табиғатқа жатаатыны туралы түсінігін бекіту. «Өнегелі тәрбие», «Қауіпсіздік». Еңбек әрекеті: Скамейкаларды тазалау. Шамасы келетін жұмысты орындауға тәрбиелеу. «Қоймадағы тышқандар мен мысық» қимыл-

	Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, ренжіген балаға жанашырлық танытуға баулу. «Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: ойыншықтарды жинау. Балаларды ойыншықтарға ұқыпты қарауға, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу.	Заттарды (құм салынған қапшықтарды немесе допты) қашықтыққа лақтыру шапшаңдыққа, дәлдікке баулу. Өз бетімен ойындар. Балаларды адамгершілікке, достыққа баулу. «Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: ойын алаңын жинау. Балаларды айналаға ұқыпты қарауға, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауға баулу.	Мақсат-міндеттері. 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру техникасын жетілдіру; Өз бетімен ойындар. Балаларды адамгершілікке, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге баулу. «Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: ағаш түптерун тазалау. Еңбекк деген құштарлыққа баулу.	қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттер. жылдамдық, күш, икемділік,ептілік дамыту. «Кім белгіден асырады?» қимылды жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Заттарды допты лақтыру (шапшаңдыққа, дәлдікке, жігерлікке баулу. Өз бетімен ойындар. Балаларды адамгершілікке баулу.	қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттер. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. «Тепе-теңдікті сақтап жүрейік» қимылды жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Тепе-теңдікті сақтау: қолды екі жаққа созып, сызықтардар бойымен және заттардан аттап өту техникаларын жетілдіру; қимылдарды үлестіруді үйрету.
Серуеннен оралу	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттері. «Өнегелі тәрбие». Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру: Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешу, шкаф сөрелеріне киімдерін ілу, жинау, кептіретін жерге қолғаптарын, аяқ-киімдерін орналастыру; ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату; қолдарын жуу.				
Кешкі ас	Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: асхана құралдарын дұрыс қолдану (ас қасық пен шай қасық, шанышқы); майлықты ұқыпты пайдалану; нанды үгітпей жеу, асты ауызды жауып шайнау, тамақ ішіп отырғанда сөйлемеу; әдепті болуға тәрбиелеу (ас үшін алғыс білдіру, тазалық сақтау).				

Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	Кітап бұрышында: суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Міндеттер. Отбасындағы қызықты оқиғалар, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу. Балаларды қазақ халқының қонақжайлылық (тағы басқа) дәстүрімен таныстыруды жалғастыру. Көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) Музыкалық аспаптармен ойындар. Жатталған әндерді қайталап орындау. (музыка) Міндеттер. Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру. Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйретуді жалғастыру, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуға баулу. Өнер бұрышында мүсіндеу, жапсыру, боямақтармен жаттығулар. (сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) Міндеттер. Игерілген техникалық тәсілдерді, сюжеттік композициялармен жұмыс жасауды бекіту. Шығармашылыққа құштарлықты қолдау. Ірі және ұсақ құрылыс материалдармен ойындар. Қағазды бүктеу жаттығулары. (құрастыру) Міндеттер. Құрылыс жасау техникаларын бекіту. Кеңістікті бағдарлай білуді жетілдіру. Түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдау. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту.				
Балалардың үйге қайтуы	«Ойын арқылы балалардың ойлау қабілеттерін дамыту» баяндама.	«Тұйық бала қайдан шығады?» баяндама.	Ата-аналарға балалардың тазалықтарына назар аудару, ескерту.	«Ата-аналарға тұмау жөнінде» денсаулық бұрышына кеңес (медбике)	Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуларына тілек білдіру.

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Мектепке дейінгі ұйым жекеменшік шағын орталық «Темирлан»
Топ: ересек топ Жұлдыздар
Балалардың жасы: 4 жастағы балалар
Қандай кезеңге жасалды : 19.01 - 23.01.2026ж.
Педагогтің аты-жөні Ешпанова А

Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
«Тәртіпке бағынған ел құл болмайды». Бауыржан Момышұлы					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Нейрожаттығу ойынымен балаларды қабылдау. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	Таңертең балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. «Күй күмбірі» «Адай» күйін қосып қарсы алу.	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу «Армысың шапағатты, Күн-Ана!» Армысың шапағатты, Күн-Ана! Армысың қайырымды, Аспан-Ана! Армысың мейірімді, Жер-Ана! Құт дарыт, бар әлемді жарылқа!	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау Күй күмбірі «Балбырауын» күйімен қарсы алу.	Балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. «Күй күмбірі» « Көңілашар» Күйді қосып, балаларды қарсы алу. (музыка)
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды	«Достарымыздың арасында өзімізді қалай ұстау керекпіз?»	«Бала қауіпсіздігі басты назарда» ата-аналармен кеңестер жүргізу.	«Өзіңіздің балалық шағыңыз туралы балаңызға айтасыз ба?»	«Балаңыздың денсаулығына қалай көңіл бөлесіз?»	Ертегі сюжеттерінен кейіпкерлер мен көріністер жасау. Балалар суретінің

өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	тақырыбында әңгіме жүргізу.			сауалнама.	көрмесі.
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	«Өнегелі тәрбие» Еңбек тапсырмалары: "Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау". Мақсат-міндеттері. Бөлме өсімдіктеріне күтім жасауға үйрету: «Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасының Гимн орындауы. Мақсат-міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. (музыка) Үстел үсті ойыны «Мозаика». Мақсат-міндеттер: балаларды берілген суреттердің бөлігін тауып орналастыра білуге, тапқырлыққа үйрету.	«Өнегелі тәрбие» Еңбек тапсырмалары: "Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезе төсеніштерін дымқыл шүберекпен сүртеміз". Мақсат-міндеттер. Балаларды сумен жұмыс кезінде келесі ережелерді сақтауға үйрету: жеңді түру, шүберекті сулау және құрғатып сығу, ластанған кезде оны сумен шаю. Санамақтар айтыу жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Санау дағдыларын, оң мен сол қолды ажыратуды жетілдіру. Оң қолымда бес саусақ, Сол қолымда бес саусақ. Қосып едім екеуін, Болып шықты он саусақ.	«Өнегелі тәрбие» Еңбек тапсырмалары: "Ойыншықтарды тәртіпте ұстау". Мақсат-міндеттері. Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: Дидактикалық ойын. «Көлеңкесін тап». Мақсат-міндеттер: балаларды әр құстың көлеңкесін тауып орналастыруға үйрету. Тілдерін дамыту. атауын	«Өнегелі тәрбие» Еңбек тапсырмалары: "Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп" (тәрбиешінің көмекшісімен бірге) Мақсат-міндеттер: балаларды жеке киім шкафтарында тәртіпті сақтауға үйрету: "Торғай-торғай тоқылдақ" артикуляциялық жаттығу. Мақсат-міндеттер: балаларды мәтінді есте сақтап, мәнерлеп айтуға машықтандыру; артикуляцияны жетілдіру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру. Торғай-торғай, тоқылдақ,	Ұлттық сезім күні «Өнегелі тәрбие» Еңбек тапсырмалары: "Ұйымдастырылған іс-әрекетке керек материалдар мен құрал-жабдықтарды дайындаймыз". Мақсат-міндеттері. Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке керек материалдар мен құрал-жабдықтарды таратуға, тиянақты жинауға дағдыландыру; берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: "Жоғалған зат" үстел үсті ойыны. Барысы: педагог үстелдің үстіне бірнеше зат қойылады. Бала оларға мұқият қарап алған соң,

		Оң аяқта бес бақай, Сол аяқта бес бақай. Қосып едім екеуін, Болып шықты он бақай.		Жерден тары тары шоқып ап, Бөтегесі томпайып Тойған қозыдай монтайып, "Шіп-шіп" десіп отырар.	теріс қарап тұрады. Үстелден бір зат алып тасталынады. Бала қай заттың жоғалып кеткенін табу керек. Заттардың санын ақырындап өсіруге болады.
Ертеңгілік жаттығу	Картотека №10				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттері. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Көркем сөз Нан қоқымын шашпаңдар, Жерде жатса баспаңдар. Теріп алып қастерлеп , Торғайларға тастаңдар.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	«Менің Қазақстаным» - Қазақстан Республикасының әнұранын орындау. «Аналар мектебі»: қабылдау бөлмесін "Қыстайтын құстар" тақырыбына әшекейлеу. Балалар кітапханасы: қыстайтын құстар жайында суреттерді, энциклопедияларды қарастыру; өлеңдер мен әңгімелерді оқу: А. Байтұрсынов "Қарға мен түлкі", Ш. Смаханұлы «Бұлбұл мен тоқылдақ»,				
	Қыстайтын құстар туралы әңгімелесу. Мақсат-міндеттері. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге	Қыстайтын құстардың суреттеріне қарап әңгіме құру. Мақсат-міндеттері. Балаларды әңгіме айтуға	Құстар туралы жұмбақтар шешу. Мақсат-міндеттері. Шешендікке, жұмбақ шешу өнеріне баулу.	Құстар туралы тақпақты мәнерлеп оқу Мақсат-міндеттер. Көркем сөзге қызығушылыққа баулу.	"Қайда барасың? Сонда не табасың?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер. Кеңістікті бағдарлауға

